■ Қалдырған ізің мәңгілік!

# Ұстаз - ұлы тұлға

**Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты TURAN мектебінің ұжымы - ынтымағы жарасқан, білім беруде жаңа заманның озық тәжірибелерін меңгерген ізденімпаз, жаңашыл ұстаздардың ортасы десем артық болмас. Осындай мекемеде талай шәкірттердің кеудесін құндылыққа толтырып, өнерге баулып, жарқын болашағына бағыт сілтеп жүрген аяулы ұстаз. TURAN мектебінің физика және информатика пәнінің мұғалімі Сарманова Асия Анарбекқызы жайлы толғанысымды көпшілікпен бөліскенді жөн көрдім. Шыңы биік, мінер баспалдағы ауыр ұстаздық жолда Асияның шыққан биігі мен алған асулары мені өзіне еріксіз тартып, қалам тартуыма себепкер болды.**



Мектеп - білім ордасы. Бала білімін шыңдайтын, тәрбиесіне дұрыс бағыт-бағдар беретін қасиетті орын. Шәкірт үшін тер төгіп жүрген ұстаздардың ауызбіршілігі, ойының бір көзқараста түйісуі - мектеп жұмысының ілгерілеуі мен қарқынды дамуына әкелері сөзсіз. Шәкірт жүрегіне жол тауып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыра білген Асия Анарбекқызы игі бастамалардың жанынан табылып жүр. Ұстаздық жолдағы жеткен жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. Қадау-қадау жарыстарға өзі де, шәкірттері де қатысып, бәйгенің алдын бермей келеді. Шәкірттері мен әріптестеріне ғана емес, жас маманға да ақыл-кеңесін аямайтын Асия Сарманова жетекшілік етіп, көп істің мәнін ұқтырып жүр.

Мектепке келген әр баланың жүрегіне мейірім мен жылулық ұялатып, білім мен тәрбиені қатар беру - нағыз ұстаздың міндеті. Ұстаз - келешек ұрпақты тәрбиелеп баптаушы, бүкіл адамзат пен қоғам сенім білдірген адам. Ұстаз болу бақыт әрі абырой. Осындай қасиетті мамандықтың қадіріне жетіп, шәкірттерінің жүрегіне бар асыл қасиеттерін дарытып, өн бойына ұстазға тән байсалдылық пен мәдениеттілікті сыйғыза білген жандарды дана халқымыз әрдайым ерекше құрмет тұтып, сыйлаған. Атақты педагог-ғалым В.А.Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу». Ұстаздар турасында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді».

Қазіргі ұстаздар атқаратын негізгі міндет ғылым мен техниканың даму жылдамдығына сай оқушының білімі терең, шығармашыл және сыни ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс атқара алатын құзыреттілігі жоғары тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет атқару үшін әрбір ұстаз үздіксіз ізденісте болып, шығармашылығын әрдайым шыңдап отыруы тиіс.

«Бүгінгі күн - кешегінің жемісі, ертеңгінің болмысы», - дейді дана халқымыз. Қай мемлекеттің болсын ертеңі – білімді жастардың қолында. Сондықтан осындай талаптарға сай тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу нағыз мұғалімнің жемісі болмақ. Бұл жолда тынымсыз еңбек, толассыз ізденістен жалықпайтын жандар ғана нәтижелі табыстарға жете алады.

Бұл Асияның ақжарқын, әдемі, көңілге қонымды сөздерінің, адам жанын түсіне білетіндігінің көрінісі деп түсінемін. Қымбатты Сарманова Асия Анарбекқызы! Шуақты күндей жайнап жүріңіз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға ырыс, несібе, ынтымақ, ұзақ өмір тілеймін!

**Гүлжахан ЖАППАРОВА,**
**TURAN мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
Шымкент қаласы.

● Семинар

● Семинар



# Педагогтердің шеберліктерін жетілдіру

Ағымдағы жылдың 30 қазаннан 01 қараша аралығында «Өрлеу БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ басшылығымен Шымкент қаласының №46 мектеп-лицейінің базасында бастауыш сынып мұғалімдеріне «Бастауыш сынып мұғалімдерінің ББЖМ (МОДО) әдістемелік қамтамасыз ету аспектілері» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Шараның мақсаты бастауыш сатыда математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылық дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеуде педагогтердің шеберліктерін жетілдіру. Жиынға қаланың 24 мектебінің 50-ге жуық мұғалімі қатысты.

Оған негіз болған құжат - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамызда бекітілген ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарының «ББЖМ-ның орташа нәтижесінен ең көп ауытқуы бар өңірлердің мектептері үшін қысқа мерзімді тәжірибелік семинарлар өткізу» туралы 3,7,10-тармағындағы әдістемелік сүйемелдеу көрсету шаралары.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісінің (ББЖМ) соңғы нәтижелерін талдау және оларды жақсартуда әдістемелік сүйемелдеу жүргізу тетіктерін қарастыруда семинардың жұмысы, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін нақтылау мақсатында «Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі Құдайбергенова Майра Бактыбаевна сөз сөйледі.

Семинардың бірінші күні қатысушылар секция жұмыстарында мониторинг деректерін талдап, түрлі бағыттағы пәндердердің жетістіктері мен олқылықтардың себептерін талқылады. Іс-шараның жалғасы оқушыларды ББЖМ-ға дайындау үшін ғылыми-жаратылыстану, математикалық және оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырмаларын талдауға ұласты. Жиын барысында жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша ашық сұрақтар құрастыру, проблемалық, жағдаяттық тапсырмалар әзірлеу, зерттеу әдістерін қолдана отырып, жаратылыстану тапсырмаларын орындау жолдары талқыланды.

Семинардың екінші күні қатысушылардың қажеттілігіне орай, математикалық сауаттылық бойынша «Джоккей және ат» әдісімен жиындардың бірігуі, қиылысуы, жиын элементтері т.б термин сөздердің анықтамасын болжау және салыстыру жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жылдамдық, уақыт, арақашықтыққа байланысты мәтіндік есептерді жеке орындады. Сондай-ақ, кесте мен сызба моделін қолдану нәтижесінде есептің 50% шығып тұратынына көз жеткізді. Есептерге талдау үлгілері ұсынылды. Мәтіндік есептермен жұмыс жасауда зерттеу сұрақтарын құрастыру, т.б. дағдыларын қалыптастыруға мән берілді.

Көптеген авторлардың еңбектеріне сілтеме ұсынила отырып, жиын элементтері мен математикалық моделдеуге арналған есептерді әзірледі.

Ал, іс-шараның үшінші күні модератор Н.Азбердиева, институттың аға оқытушысы мен спикер Т. Сейдиновалар 4-сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығынан мәтіндерді SWOT талдау жасай отырып, «Венн диаграммасы» әдісімен салыстыру арқылы практикамен ұштастырды. Жұмыс барысында ашық сұрақтар мен проблемалық сұрақтарды құрастыру бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қорыта келе, тәжірибелік жұмыс барысында ашық сұрақтар, жиын және логикалық есептерді шешу, тест құрастыруға дағдыланды. ББЖМ-2023 зерттеу мониторингі нәтижесінде білім алушыларыдың оқу сауаттылығын, математикалық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамыту жолдарын меңгерту және бағытталған тапсырмаларды әзірлеуде педагогтердің шеберліктерін жетілдіру мақсатында өткен семинар жұмысы өте жақсыға бағаланды.



Семинар қатысушылары тарапынан жоғары деңгейлік семинарлар көптеп өткізілу, дарынды мектеп пен жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныптарына берілетін тапсырмаларда деңгей бойынша айырмашылық болу қажеттілігі ұсынылды.

**Нагима АЗБЕРДИЕВА,**
**«Өрлеу БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ аға оқытушысы.**